


Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ

«КЕЛІСІЛДІ»

«№36 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Директор  Ракишева Ж.Ж.

« 12 » 04 2023 ж.



«БЕКТЕМІН»

Басқарма Төрағасы-Ректоры

Дулатбеков Н.О.

2023г.



«КЕЛІСІЛДІ»

«№62 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Директор  Калекина Б.А.

« 12 » 04 2023 ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«6B01408-Тарих, құқық негіздері және кәсіпкерлік»

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды 2023

**«Б01408 - Тарих, құқық негіздері және кәсіпкерлік» білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы №152 бұйрығы;
- 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы»;
- «Педагогтың» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы Басқарма Төрғасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 «Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

<b>№</b>	<b>Білім беру бағдарламасының төлқұжаты</b>	<b>Беттер</b>
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаты	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
в)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	4
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	4
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	8
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	10
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	21
21	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	23
22	Түлек моделі	26

**№ Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

**1 Білім беру бағдарламасының коды мен атауы:** 6B01 Педагогикалық ғылымдар

**2 Білім беру саласының коды және жіктелуі:** 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

**3 Білім беру бағдарламаларының тобы:** B008 Құқық негіздері және экономика мұғалімдерін дайындау

**4 Кредит көлемі:** 240 ECTS

**5 Оқу түрі:** күндізгі

**6 Оқу тілі:** қазақ, орыс

**7 Берілетін академиялық дәреже:** "6B01408-Тарих, құқық негіздері және кәсіпкерлік" білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

**8 Білім беру бағдарламасының түрі:** қолданыстағы

**9 БЖХС бойынша деңгей:** 6

**10 ҰБШ бойынша деңгей:** 6

**11 СБШ бойынша деңгей:** 6

**12 ББ ерекшеліктері:** жоқ

**13 Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** 28.07.2020 ж. №016 KZ83LAA00018495

**14 Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі:** -

**15 Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында ғылыми-педагогикалық, кәсіби-практикалық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімі, зерттеу дағдысы бар бәсекеге қабілетті тарих, құқық негіздері және кәсіпкерлік мұғалімін дайындау.

**16 Түлектің біліктілік сипаттамасы:**

**а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі**

«Педагог. Тарих, құқық және кәсіпкерлік мұғалімі», «Педагог. Колледж оқытушысы» мамандықтарына ие болады..

**б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері**

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер сондай-ақ музей және архив мекемелері болып табылады.

**в) Кәсіби қызмет түрлері**

- ғылыми-зерттеу (орта және ортадан кейінгі білім беруді үлгілеу, жобалау, білім беру мәселелерін шешуде шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, рефлексия);

- ұйымдастыру-басқару («субъект-субъект» өзара әркеттесуі, білім берудегі менеджмент).

**г) Кәсіби қызметінің функциялары:**

- **оқыту** – оқу ақпаратын таратады, өз бетімен білім алуды үйретеді, білім алушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын қоланады, соның ішінде АКТ және т.б.;

- **тәрбиелеу** – білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне араластырады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке басын құрметтейді, «Мәңгілік Ел», «Жүз нақты қадам» ұлт жоспары, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы», «Төртінші өндірістік төңкеріс», «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін жүргізеді және т.б.;

- **әдістемелік** – білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлап, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу материалдарын берілген оқу мақсаттарына сәйкес өңдейді және т.б.;
- **зерттеушілік** – білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері диагностикасының нәтижелерін пайдаланады;
- **әлеуметтік-коммуникативтік** – кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, білім беру стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасайды және т.б.;

### 17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Білім беру ұйымдарының педагогикалық процесін ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда іс-әрекет, жеке тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсілдерді басшылыққа алады; теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалану үшін педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздерін қолдану дағдысын меңгереді, білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісін жүзеге асырудағы заңдылықтар, принциптер, тәрбиелік механизмдер, формалар, әдістер мен тәсілдер туралы білімдерін қолданады; кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолданады, аргументтерді тұжырымдайды және зерттелетін саланың проблемаларын шешеді.
	ОН 2	Экономикалық теорияның базалық біліміне ие; ғаламдық перспективалар мен жобалау жұмыстарын түсіндіруге және негіздеуге қабілетті, фирманың экономикасының негізгі бағыттары мен мәнін түсіндіреді, шағын және орта бизнестің дамуының жалпы және нақты ерекшеліктерін өңдеуге және талдауға қабілетті, микроэкономика жайлы негізгі білімі бар; экономикадағы мінез-құлық үлгілері арасындағы параллелді анықтауға және түсіндіруге қабілетті, макроэкономиканың мәні мен мазмұны, оның ерекшелігі мен қазіргі жағдайын, ұлттық экономиканы терең біледі, оны қалыптастыру мен дамытудың түрлі кезеңдерінде ұлттық экономиканың сипаттамаларын талдауға қабілетті.
	ОН 3	Адам құқықтары мен құқық үстемдігі құндылықтарының басымдықтарын қамтитын қалыптасқан саяси-құқықтық ойлауға ие, мемлекет және құқық теориясы саласындағы білімді тұжырымдай және түсіндіре алады.
2. Цифрлық құзыреттіліктер: (Digital skills)	ОН 4	Әр түрлі қызмет түрлерінде АКТ қолдану білімі мен дағдыларын меңгерген, қоғам дамуындағы АКТ ерекшеліктерін анықтайды, оқу үдерісінде ДК аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді, желілік, мультимедиялық және интернет-технологияларды, негізгі Smart және E-технологияларды қолданады; әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады.
	ОН 5	Жалпы білім беретін оқу орындарында информатиканы оқыту мен оқытудың сандық, қашықтықтан және инновациялық технологияларын, оның ішінде ағылшын тілінде меңгерген.
	ОН 6	Жалпы білім беретін оқу орнында қашықтықтан оқыту технологияларын зерттеу және енгізу, Қашықтықтан оқыту әдістерін меңгеру, қашықтықтан оқытуға тапсырмаларды құру қабілеті, Информатиканы оқытудағы АКТ, сандық, қашықтықтан оқыту және инновациялық технологияларды, соның ішінде ағылшын тілінде құралдарын қолданады.
3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills)	ОН 7	Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, туралы білімдерді қолданады; өзінің кәсіби қызметінде қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, өзара түсіністік, төзімділік және демократиялық құндылықтары басымдықтарындағы өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді; әлеуметтік, саяси, мәдениеттанушылық, психологиялық саланың біртұтас жүйелі бірлігі ретінде, адам және оның топтық мінез-құлқы туралы базалық білім жүйесіндегі интеграциялық процестердің өнімі ретінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын талдау және зерделеу саласындағы білімдерді меңгереді.
	ОН 8	Адам анатомиясы мен физиологиясын егжей-тегжейлі біледі, мектеп гигиенасы мәселелерінің кең спектрін түсінеді, ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіруді басқаруда дене шынықтыру мен спорт құралдарын қолданады; осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсетеді.
	ОН 9	Ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи оқиғалардың барысын сипаттайды, себеп - салдарлық байланыстарды табады, ғылыми-жаратылыстану әдістері арқылы артефактілердің мерзімін анықтау кезінде алған теориялық білімдерін қолданады, әлем халықтары өмірінің түрлі салаларын, олардың тұрмысы мен мәдениетін біледі.
	ОН 10	Жаңа және қазіргі заманғы Азия мен Африка тарихындағы тарихи оқиғалардың себептерін, оқиғалар барысын түсіндіруге қабілетті. Жаңа және қазіргі заманғы Еуропа мен Америка елдеріндегі тарихи шындықтың жалпы көрінісін қайта қалпына келтіре

		алады; зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі байланысты біледі, түсінеді.
	ОН 11	Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихын зерттеуде осы салада жалпы теориялық білімді қолдана алады. Құқықтың әртүрлі түрлерінің айырмалық ерекшеліктерін, олардың мәні мен қолданылу аясын түсіндіре алады.
	ОН 12	Архивтік құжаттардың түрлері мен күнін анықтау бойынша типтік міндеттерді шешудің негізгі әдістерін біледі және оларды тәжірибеде қолданады; архивтану мен музейтану дамуының өзекті мәселелеріне еркін бағдарланады; Қазақстанның архив ісі саласындағы қолданыстағы нормативтік актілерді тәжірибеде қолданады; ғылыми зерттеулердің әдістерін, академиялық хатты біледі және оларды зерттеу саласында қолданады.
	ОН 13	Тарих бойынша қазіргі заманғы сабақтың жоспарлау алгоритмін және оқушылардың критериялды бағалау негізін пайдаланады; мемлекеттік стандарттар талаптарының өзгеруіне, жаңартылған бағдарламалар мен оқулықтарға, кәсіпкерлікке бағытталған пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты өзгерістерге дербес жауап береді; оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгереді.
	ОН 14	Тарих методологиясы мен тарих ғылымының элеуметтік функцияларын түсіндіреді, тарихи дереккөздердің ішкі және сыртқы сынын жүргізеді, деректанулық және тарихнамалық зерттеулерді бағалайды және қорытады; оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолданады.

### 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН-2, ОН-3, ОН-7	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы (МЕ)	5
		Философия	5
		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	5
		Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	
Қолданбалы бизнес			
Ғылыми зерттеу негіздері			
ОН-1, ОН-3, ОН-7	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, әлеуметтану	4
		Мәдениеттану, Психология	4
ОН-4, ОН-5, ОН-8	Ақпараттық-коммуникативтік	Шетел тілі	10
		Орыс тілі	10
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5
		Дене шынықтыру	8
ОН-1, ОН-4 ОН-5, ОН-6, ОН-7, ОН-8, ОН-13	Педагогикалық дайындық негіздері	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	4
		Педагогика	6
		Білім берудегі менеджмент	5
		Инклюзивті білім беру	4
ОН-4, ОН-9, ОН-10, ОН-12, ОН-14	Тарих және этнология	Ежелгі дүние тарихы	5
		Қазақстанның ежелгі тарихы	5
		Қазақстанның жаңа заман тарихы	5
		Этнология	4
		Қазақстанның орта ғасыр тарихы	4
		Ортағасырлар тарихы (Батыс, Шығыс)	6
		Оқу	4
Педагогикалық	4		
ОН-2, ОН-7, ОН-10, ОН-12, ОН-14	Экономика және кәсіпкерлік	Ғаламдық перспективалар және жобалық жұмыс	5
		Экономикалық теория	5
		Фирманың экономикасы	
		Шағын және орта кәсіпкерлік экономикасы	5
		Экономикадағы мінез-құлық үлгілері	5
Микроэкономика	5		
Ұлттық экономика			
Макроэкономика			
ОН-2, ОН-3, ОН-7, ОН-9, ОН-10, ОН-11,	Тарих және құқық негіздері	XVII-XXI ғғ. Азия және Африка	6
		Азия мен Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы	5
		Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы	
		Мемлекет және құқық теориясы	5
XX ғасырдағы Қазақстан			
Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлерін құқықтық реттеу			



		Азаматтық құқық Кәсіпкерлік құқық	5
<b>ОН-10, ОН-12, ОН-14</b>	Архив және музей ісі (MINOR)	Әлемдік музейлер тарихы	5
		Тарихи зерттеулердегі архив құжаттарының ролі	
		Архивтану Қазақстандағы архив мекемелерінің тарихы	5
		Музейтану Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау	5
<b>ОН-1, ОН-3, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-7, ОН-13</b>	Оқыту және бағалау әдістемесі	Құқық және тарихты оқыту әдістемесі	5
		Бизнестік-бағдарланған пәндерді оқыту әдістемесі	5
		Бағалаудың өлшемдік технологиялары	5
<b>ОН-1, ОН-2, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-9, ОН-10, ОН-11, ОН-12, ОН-14</b>	Тарих, теория және методология мәселелері	Қазақстан тарихының деректануы	6
		Теориялық деректану	
		Тарихнама Қазақстан тарихының Отандық тарихнамасы	6
		Тарихи үрдіс және тарихи таным теориясы Тарих методологиясы	5
		Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы XVII-XXI ғғ. Еуропа және Америка	6
		Кәсіби қазақ тілі Тарихи өлкетану	4
		Педагогикалық	19
		Дипломалды	3
<b>ОН-1, ОН-4, ОН-5, ОН-6</b>	Қашықтықтан оқыту технологиялары	Қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистері	4
		Мектеп жүйесінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру	4
<b>ОН-4, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-13</b>	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау	8
	Барлығы		240

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер)	Кредитте Р саны	Оқыту нәтижелері (кодтар)													
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13	ОН 14
<b>Жалпы білім беру циклы ЖОО компоненті/Таңдау компоненті</b>																	
D1	<p>Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері</p> <p>Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері</p> <p>Қолданбалы бизнес</p> <p>Ғылыми зерттеу негіздері</p>	<p>Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады.</p> <p>Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.</p> <p>Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.</p> <p>Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі дағдыларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығын дамыту мақсатында оқытылады. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның</p>	5		+	+					+						

		әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.																
<b>Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті</b>																		
D 2	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	Курстың мақсаты оқушылардың ағзасының өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары; орталық жүйке жүйесі мен жоғары дәрежелі жүйке жүйесінің физиологиясы; висцеральдық жүйелердің жас ерекшеліктері; негізгі тіршілік функцияларды реттеу принциптерінің тұрақтылығы; мектеп оқушылары ортасының гигиеналық бағалау әдістері; күнделікті жұмыстың және оқу үдерісі ұйымдастырылуының гигиеналық негіздері.	4	+							+	+						
D 3	Педагогика	Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған.	6	+			+										+	
D 4	Білім берудегі менеджмент	"Білім берудегі Менеджмент" курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады.	5	+				+	+									
D 5	Инклюзивті білім беру	Курс заманауи білімдегі тенденциялардың бірі ретінде инклюзивті білім беру туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлемдік тәжірибе негізінде инклюзивті жағдайларды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелері; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің құзыреттілік талаптары қарастырылады.	4	+			+											
D 6	Ежелгі дүние тарихы	«Ежелгі дүние тарихы» курсы бойынша әлемдік өркениеттердің қалыптасу және даму кезеңдері оқытылады. Ежелгі дүниенің деректануы және тарихнамасының мәселелері,	5											+	+			+

		ежелгі дәуірдің, ежелгі өркениеттердің қазіргі заманғы зерттеу мәселесі: Ежелгі Мысыр, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Үндістан және Ежелгі Қытай, Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим дәуірлерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ерекшеліктері, сондай-ақ тарихи процестердің байланысы қарастырылады.															
D 7	Қазақстанның ежелгі тарихы	Қазақстанның ежелгі тарихының мәселелері, дереккөздері, тарихнамасы қарастырылады. Архантроптар дәуірі. Палеоантроптар дәуірі. Неолит, энеолит. Қола дәуірі. Ежелгі Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы. Көшпелі өмір салтының пайда болуы. Ерте көшпелі дәуір. Үйсін мемлекеті. Қаңлылардың, ғұндардың тарихы.	5				+					+					
D 8	Қазақстанның жаңа заман тарихы	Отан тарихының жалпы курсындағы Қазақстанның жаңа тарихының ролі мен орны туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жаңа дәуірде Қазақстан аумағында болған тарихи оқиғалар, құбылыстар мен фактілер: қазақ-жоңғар соғыстары, Қазақстанның Ресейге қосылуы, Қазақстан территориясындағы ұлт-азаттық көтерілістер, әкімшілік реформалар, мәдениеттің дамуы қарастырылады.	5				+					+	+				
D 9	Этнология	Ғылымның дамуы туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында пәні мен әдістері оқытылады. Этнологиялық ойдың тарихы: эволюционизм, диффузионизм, социологиялық мектеп. Этнологиялық ойдың тарихы: Американдық тарихи этнология мектебі, этнопсихологиялық мектеп. Этнологиялық ойдың тарихы: функционализм, структурализм, мәдени релятивизм, когнитивтік антропология, постмодернизм және постструктурализм. Этнос пен этностың мәні туралы қазіргі ғылым. Этникалық қауымдастықтардың классификациясы. Этникалық тарих және этногенез. Этникалық психологияның негіздері. Әлем халықтарының этникалық стереотиптері мен бейнелері Этникалық мәдениет. Этносаралық коммуникациялар. Әлемнің қазіргі этникалық суреті.	4												+		+
D 10	Қазақстанның орта ғасыр тарихы	Ортағасырлық дәуірдің мәселелері: ерекшеліктері, дереккөздері, тарихнамасы қарастырылады. Түркі дәуірі: экономика, саясат, мәдениет. Түрік қағанаттарының тарихы. Қала мәдениеті. Қазақстанның ортағасырлық тарихындағы моңғол кезеңі. Қазақ хандығының құрылуы: тарихы, саясаты, экономикасы, мәдениеті. Қазақ хандары: Қазақстанның	4									+	+				

		археологиялық ескерткіштері саясатының рөлі мен қызметі, орта ғасыр ескерткіштерін кезеңге бөлу. Орта ғасыр ескерткіштерін зерттеу бойынша археологиялық экспедициялар.																
D 11	Ортағасырлар тарихы (Батыс, Шығыс)	Ортағасырлық тарихты кезеңге бөлу мәселелері, мемлекеттердің қалыптасу және даму тарихы қарастырылады. Еуропа, Азия және Африкадағы ортағасырлық мемлекеттердің негізгі тарихи кезеңдері, ортағасырлық мемлекеттердің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы. Әлеуметтік құрылым және оның қалыптасуының негізгі факторлары, деректану және тарихнама. Ортағасырлық тарихты кезеңге бөлу мәселелері, мемлекеттердің қалыптасу және даму тарихы қарастырылады. Еуропа, Азия және Африкадағы ортағасырлық мемлекеттердің негізгі тарихи кезеңдері, ортағасырлық мемлекеттердің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы. Әлеуметтік құрылым және оның қалыптасуының негізгі факторлары.	6															
<b>Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті</b>																		
D 12	Экономикалық теория  Ғаламдық перспективалар және жобалық жұмыс	Берілген пән экономикалық ғылымның пәні мен әдістері, әлеуметтік өндіріс негіздері, нарықтық қатынастардың заңдылықтары, факторлық нарықтардың ерекшеліктері, ұлттық экономика және макроэкономикалық көрсеткіш негіздері, макроэкономикалық тепе-тендік, экономикалық цикл, жұмыссыздық, инфляция, экономикалық өсу және ұлттық экономика жағдайындағы тұрақтылық мәселелері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.  Пән студенттердің зерттеу дағдыларын дамыту, сондай-ақ жаһандық мәселелерді шешудің әлемдік тәжірибесін қарастыру, жобалық жұмыстың заманауи әмбебап құралдарын игеру, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін, осы құралдарды белгілі бір жобаның, саланың немесе қолдану саласының мазмұны мен қоршаған ортасының қажеттіліктеріне бейімдеу әдістерін зерттеу мақсатында оқытылады.	5			+												+
D 13	Фирманың экономикасы	Пән студенттердің фирмалардың экономикалық табиғаты туралы білімдерін қалыптастыру, компанияның қаржылық модельдерін түсіну, компания ресурстарын талдау, компанияның шығындары мен кірістерін қалыптастыру және басқару мақсатында оқытылады. Жалпы, курс студенттерге компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында дұрыс	5			+												+

	Шағын және орта кәсіпкерлік экономикасы	<p>шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.</p> <p>Пән инновациялық саладағы кәсіпкерлік саласында табысты жұмыс істеу үшін, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы болашақ өзіндік қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін стартап құру, өз бизнесін құру және жүргізу, болжау және жоспарлау саласында дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқытылады.</p>															
D 14	Микроэкономика  Экономикадағы мінез-құлық үлгілері	<p>Берілген пән микроэкономиканың зерттеу пәні мен әдіснамасы, тұтынушылардың, кәсіпорындардың, үкіметтің, әртүрлі ресурстар иелерінің мінез-құлқы, сондай-ақ олардың арасындағы экономикалық ортадағы қатынастар туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ микроэкономикалық деңгейде нарықтық орта оқиғаларын талдау, бағалау және болжау әдіснамасын зерттеу мақсатында оқытылады.</p> <p>Пән болашақ мамандарда микро және макроэкономикалық деңгейде нарықтық субъектілердің мінез - құлық үлгілерін синтезделген талдаудың іргелі теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын, сондай-ақ басқа экономикалық агенттердің мінез-құлқына әсер ету мақсатында олардың мінез-құлқының тиімді стратегияларын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.</p>	5		+				+								
D 15	Макроэкономика  Ұлттық экономика	<p>Берілген пән макроэкономиканың зерттеу пәні мен әдістемесі, жалпы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары, қазіргі ұлттық экономиканың негізгі мәселелері, экономикалық теңсіздік пен теңдік проблемалары, экономикалық өсу мен даму, төлем балансы, тауар және ақша нарықтарының әртүрлі макроэкономикалық модельдері және олардың өзара байланыстары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.</p> <p>Пән ұлттық экономиканы қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін қалыптастыру, ел экономикасының дамуының жетекші тенденциялары мен заңдылықтары, жекелеген нарықтардың өзара байланысы, мемлекеттік реттеу жүйесі, басқа елдердің экономикаларымен өзара іс-қимыл, оларды анықтайтын факторлардың кең ауқымын ескере отырып, даму перспективалары туралы түсінік беру мақсатында оқытылады.</p>	5		+				+			+					



		қолданыстағы заңнамасын білетін, кәсіпкерлік қызметті реттейтін және оны қолдану практикасын реттейтін, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын тиімді жетілдіруді жүргізуге қабілетті қызметкерлерді дайындау болып табылады.															
D 19	Азаматтық құқық  Кәсіпкерлік құқық	Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы негізгі оқу пәндерінің бірі болып табылады. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғауды құқықтық реттеу олардың ең алдымен Азаматтық құқық субъектілері арасында туындайтын қатынастарда сақталуына кепілдік болып табылады. Курстың мақсаты-Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығының негізгі нормалары мен принциптерін, азаматтық құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін, азаматтық заңнаманы қолдану практикасын зерделеу болып табылады.  Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктер туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде мемлекеттік реттеуге, кәсіпкерлікті қолдауға байланысты туындайтын құқықтық қатынастар туралы сұрақтар қарастырылады.	5		+	+											
D 20	Әлемдік музейлер тарихы  Тарихи зерттеулердегі архив құжаттарының рөлі	Курс әлемдік музейлердің қалыптасу тарихын, дамуын, қазіргі қоғамдағы музейлердің рөлі мен маңыздылығын зерттеуге арналған. Білім алушылар Прадо музейі, Третьяков галереясы, Эрмитаж, Метрополитен музейі, Лувр сияқты әлемдік музейлер жұмысының ерекшеліктерімен танысады.  Архив құжатының ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерделенеді. Тарихи зерттеулердің түрлері туралы сұрақтар қарастырылады. Курс архивтік құжаттардың Қазақстан тарихын зерттеу көзі ретіндегі рөлін анықтауға бағытталған. Студенттер тарихи зерттеулердегі технотрондық құжаттардың рөлі мен маңыздылығы туралы білім алады. Отандық тарихи зерттеулерде шетелдік архив материалдарын пайдалану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5									+		+			
D 21	Архивтану	Курс архив ұйымдарының мазмұнын және олардың тарихшы-зерттеуші мен тарихшы-практиктердің ғылыми-зерттеу қызметіндегі орнын зерделеуге арналған. Архив ұйымдарының мазмұнының мәселелері және олардың тарихшы-зерттеуші мен тарихшы-практиктердің ғылыми-зерттеу қызметіндегі орны,	5												+		+



	Қазақстанның архив мекемелерінің тарихы	<p>әртүрлі деңгейдегі архив мекемелерінің жұмысының принциптері мен әдістері, архивтік қорлардағы құжаттарды сақтау ережелері мәселелері қарастырылады. Тарихшының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік қызметіндегі архив құжаттарының орны мен рөлі және ел тарихына қатысты тарихи зерттеулердегі архив деректерінің маңызы зерделенеді.</p> <p>Қазақстанның архив мекемелерінің қалыптасу және даму тарихының негізгі кезеңдері туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерделенеді. Отандық архивтерді қалыптастыру және дамыту мәселелері, олардың дүниежүзілік тарихи-мәдени мұраны сақтаудағы рөлі, архив мекемелерінің әртүрлі деңгейдегі жұмыс принциптері мен әдістері, архивтік ресурстар, құжаттардың түрлері мен мазмұны, Қазақстан тарихы бойынша тарихи зерттеулердегі архивтік деректердің маңызы, пәннің нәтижесі ретінде архивтік құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері қарастырылады.</p>																		
D 22	Музейтану  Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау	<p>Музей жұмысы мен қызметінің негізгі бағыттары зерделенеді. Пән бойынша келесі мәселелер оқылады: музей әдістемесі, Қазақстан аумағындағы алғашқы музейлер мен ғылыми мекемелердің қалыптасуы, музей қоры, құрылымы мен экспозициясы, музей қызметінің заңдылығының негіздері, жүйелеу классификациясы мен музейлердің классификациясы, кеңестік дәуірдегі музей жүйесі және тәуелсіз Қазақстан музейлерінің тарихы. Қазақстан Республикасының Орталық музейі, дүниежүзілік музейлер, музейдің өлкетанудағы рөлі зерделенеді.</p> <p>Курс Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау мәселелерін зерделеуге арналған. Пән бойынша «Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау» курсының пәні, мақсаты мен міндеттері оқытылады. Мәдени мұраны, қазақ халқының көне заманнан бергі ұлттық-мәдени құндылықтарын, оның көшпелі дәстүрлеріне қатысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, мәдени мұраның құндылығын, тұрмысын, материалдық және рухани ескерткіштерін қорғау туралы заңнамалық актінің мәселелері, мәдениеті, қолөнері қарастырылады. Мәдени мұра объектілерінің жағдайы, дәлелдер мен деректерді анықтау және қолдану әдістері, кәсіби терминология, ақпарат, ғылыми идеялар, проблемалар мен оларды шешу жолдары зерделенеді.</p>	5																+	+

Профильдік пәндер циклы ЖОО компоненті																				
